



Автор: Избасар Мөлдір Қуанышқызы

Пән: Қазақ тілі (Т1)

Сынып: 6-сынып

Бөлім: Әлемнің жеті кереметі

Тақырып: Қазақстанның жеті кереметінің бірі – А.Яссауи кесенесі.

Осы сабақ арқылы іске асатын оқу мақсаттары	6.2.1.1. мәтіннен негізгі және қосымша, детальді ақпаратты анықтау, түсіндіру.
Сабақтың мақсаты	Оқушылар: - Мәтінді түсініп оқиды; - мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды; - мәтіннен детальді ақпаратты анықтап жазады.
Бағалау критерийлері	• Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды; • сұрақтарға жауап беру арқылы детальді ақпаратты табады; • неліктен негізгі, қосымша ақпарат екеніне түсінік береді.
Тілдік мақсаттар	Пән лексикасы және терминология: Мәтіндегі негізгі, қосымша, детальді ақпарат Тыңдалым мен айтылымға қажетті сөз тіркестері: менің ойымша, менің пайымдауымша, сайып келгенде, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні.
Құндылықтар	Үздіксіз білім алу, отансүйгіштік, ынтымақтастық.
Пәнаралық байланыс	География, тарих
Осыған дейін меңгерілген білім	«Қазақстандағы көрікті жерлер», «Ұлттық және отбасылық құндылықтар» бөлімдері арқылы оқушылардың оқылым дағдылары дамытылды.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал. «Сабақ тілімен достар» әдісі Қазақстанның ғажайып мұралары туралы не білесің? Оқушыларға мектеп дәлізінде ілулі тұрған еліміздің жеті кереметінің суреттері көрсетіледі. Оқушылар Қазақстанның жеті кереметін атап шығады. Сабақтың тақырыбын анықтағаннан соң, оқу, сабақ мақсаттары және бағалау критерийлерін мұғалім оқушылармен бірге талқылайды.	
Сабақтың ортасы (5 минут)	Оқылым алдындағы тапсырма. Мұғалім оқушыларға мәтінді оқытпастан бұрын, мәтін негізінде тұжырымдарды оқиды. Оқушылар мұғалім ұсынған ақпараттың «шын немесе жалған» екеніне болжам жасайды. Ахмет Яссауи кесенесі Оңтүстік-Қазақстан облысы Түркістан қаласында орналасқан+ Яссауи кесенесі ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұра тізіміне енген+ Кесене ұзақ уақыт салынған, оның бой көтеруіне жиырма жылдан астам уақыт кеткен. +Ғимаратта: «Бұл киелі орын Алланың сүйікті құлы, әмірші Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылған – Алла оның әмірін мәңгілік етсін!» деп жазылған. + Кесенеде 50-ден астам бөлмелер бар +Кесенеде қоладан жасалған Тайқазан орналасқан+	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>Оқылым тапсырмасы. 1-тапсырма. Мұғалім оқушыларға оқылым мәтінін ұсынады. Оқушылар мәтінді жеке оқиды. «Шын немесе жалған» тапсырмасына қайта оралып, ақпараттың дұрыс-бұрыстығын анықтайды. Болжамдарының қаншалықты дұрыс болғанына баға береді. ҚБ «+, - , керемет» әдісі арқылы өзара бағалайды.</p> <p>Келесі тапсырманы орындамас бұрын мұғалім мәтіндегі негізгі ақпарат, қосымша ақпарат дегеніміздің не екені туралы қысқаша түсінік береді. Мәтіндегі негізгі ақпарат – негізгі ақпарат негізгі оймен тығыз байланысты болады. Автордың оқырманға жеткізбек болған мәтіннің негізгі ойын білдіретін сөйлемдер, деректер. Қосымша ақпарат – негізгі ақпаратты толықтырып тұрады. Ол жанама ақпарат, көбінесе негізгі ойды толықтыратын мысалдар, деректер жатады.</p>	https://oyla.xyz/article/koza-ahmet-assaui-kesenesi
Сабақтың ортасы (10 минут)	<p>2-тапсырма. Оқушылар негізгі ақпаратты анықтауға бағытталған тапсырманы орындайды. Негізгі ақпарат берілген мәтіндерді нөмірлейді.</p> <p>1.Ахмет Яссауи кесенесі Оңтүстік-Қазақстан облысы Түркістан қаласында орналасқан, сарайлар мен ғибадатханалардың кешені орта ғасыр сәулетінің жауһары.</p> <p>2.Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани-Хикмет» («Даналық кітабы») атты еңбегі жеткен. Ол 149 діни-философиялық хикмет-өлеңдерден тұрады.</p> <p>3.233 жылдан кейін, Яссауи жерленген орында ерекше әдемі және үлкен кесене тұрғызылды. Ол бар болғаны он жыл ішінде – өте қысқа мерзімде бой көтерген!</p> <p>4.Ол жерде көнеден келе жатқан киелі зат қола Тайқазан орналасқан, оның сыйымдылығы 60 шелек, диаметрі – 2,2 метр, салмағы 2 тонна.</p> <p>5.Тайқазан түркі тайпалары ынтымағының және қонақжайлылығының белгісі. 6.1934 жылы Тайқазанды Ленинградқа алып кетіп, бірнеше жылдар бойы Эрмитаждың бір залында экспонатқа қойған екен.</p> <p>7.Кесенеді шартты түрде сегіз блокқа бөлінген 30-дан астам бөлмелер бар.</p> <p>Дұрыс жауаптар: Негізгі ақпарат: 1.3.4.7</p> <p>КБ. 1.Тапсырманы орындай алдыңыз ба?</p> <p>2.Оны орындау оңай/қиын болды ма?</p> <p>Оқылымнан кейінгі тапсырма. «Журналист сұрақтар» әдісі</p> <p>Оқушылар төмендегі сұрақтарға мәтін бойынша жауап жазады.</p> <p>Мәтіннен детальді ақпараттарды тауып жазады.</p> <p>СұрақтарЖауаптар</p> <p>Кім?</p> <p>Не?</p> <p>Қашан?</p> <p>Қайда ?</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды; • сұрақтарға жауап беру арқылы детальді ақпаратты табады; • неліктен негізгі, қосымша ақпарат екеніне түсінік береді. 	
Сабақтың ортасы (7 минут)	<p>Оқушылар дескрипторға сай бірін-бірі бағалайды.</p> <p>«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша және «Бақытты бала» жобасы аясында Түркістан қаласына тарихи-танымдық саяхатқа барған мектебіміздің үздік оқушысы Булатова Агния Қожа Ахмет Яссауи кесенесі туралы өзінің көрген, түйген, білгенімен бөліседі.</p> <p>«Детальдарды қосу» әдісі Оқушылар алған білімдерін көрсету үшін сөйлемді кеңейтеді.</p> <p>Сөйлемі барынша толық және нақты қатар жеңімпаз атанады.</p> <p>Бастапқы сөйлем: Қазақстанның жеті кереметіне ежелден атағы жер жарған Ахмет Яссауи кесенесі жатады. Кеңейтілген сөйлем:</p> <p>КБ. Жарайсыңдар! Керемет! Тамаша!</p>	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (3 минут)	Сабақтың соңында мұғалім бағалау критерийлері мен сабақ мақсаттарына қайта оралады. Бағалау критерийлеріне қаншалықты қол жеткізгендері туралы бірге талқылайды. Рефлексия. Мұғалім оқушыларға рефлексия парағын үлестіреді. «Сэндвич» тәсілі арқылы оқушылар рефлексия береді	